

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы»  
ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы  
Басқармасының 2018 жылғы «02» мамырдағы  
№ 29 шешімімен бекітілген

**«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас  
жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты**  
*(30.12.2022 ж. жағдай бойынша [өзгерістермен және толықтырулармен](#))*

*Атауында және бүкіл мәтін бойынша «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 [шешіміне](#) сәйкес «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы» деген сөздер «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы» деген сөздермен ауыстырылды ([ескі ред. қараңыз](#))*

*Бүкіл мәтін бойынша «лауазымды адам» деген сөздер «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 [шешіміне](#) сәйкес мәнмәтінге сәйкес «Теңестірілген адам» сөздерімен ауыстырылды ([ескі ред. қараңыз](#))*

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Компания) өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат:

- 1) Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ережелерін;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқару және ұйымдастыру негіздерін;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ олардың салдарын азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шараларды;
- 4) Компания қызметкерлерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын мүлтіксіз сақтау бойынша мінез-құлықты тәрбиелеуді белгілейді.

3. Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Компанияда оларды қатаң қабылдамау ахуалын қалыптастыру болып табылады.

4. Саясаттың міндеті Компания қызметкерлерінің еңбек міндеттерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

*5-тармаққа «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ Басқармасының 11.03.20 жылғы № 19; «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 [шешіміне](#) ([ескі ред. қараңыз](#)); «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 [шешіміне](#) ([ескі ред. қараңыз](#)) сәйкес өзгерістер енгізілді*

5. Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**1) мүдделер қақтығысы** - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға немесе қызметкерге теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

**2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** - заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

**3) сыбайлас жемқорлық** - Компанияның теңестірілген адамының, қызметкерінің өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өздері не үшінші тұлғалар үшін алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру;

3-1) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның Компания қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес өзге де шаралар;

**4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі Компанияның теңестірілген адамдарының, қызметкерлерінің қызметі;

**4-1) сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

4-2) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** - Компанияның алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

**5) контрагент** - Компания азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастарға кірген немесе кіруді жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға.

5-1) **мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам (бұдан әрі - теңестірілген адам)** - Компанияда басқару функцияларын орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті немесе мемлекеттік бюджет пен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеуге және іске асыруға жауапты, Компаниядағы дербес құрылымдық бөлімше басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам;

**6) Компаниядағы басқару функцияларын орындайтын адам** - Компаниядағы ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

6-1) **ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар** - Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға берілген құқық;

6-2) **әкімшілік-шаруашылық функциялар** - Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Компанияның балансындағы мүлікті басқару және оған билік ету құқығы;

**7) қызметкер** - Компаниямен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша немесе аутсорсинг/аутстаффинг шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

**8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган** - өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы орталық атқарушы орган және оның ведомствосы, олардың аумақтық бөлімшелері;

**9)** «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды ([ескі ред. қараңыз](#))

**10) Комплаенс-бақылау қызметі (КБК) - Компанияның** Директорлар кеңесіне есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу шараларын іске асыруға, қызметтік тергеп-тексерулер және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де іс-қимылдарды жүргізуге жауапты, Компанияда басқару функцияларын орындайтын адамдардан тәуелсіз өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше.

## 2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түрлері

*б-тармаққа «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 [шешіміне](#) сәйкес өзгерістер енгізілді ([ескі ред. қараңыз](#))*

6. Саясат заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды көздейді, оның ішінде:

1) пара беру немесе алу, парақорлыққа делдалдық ету;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу;

3) қаржылық есептілікті қасақана бұрмалау;

4) Компания активтерін заңсыз пайдалану және (немесе) иемдену және (немесе) ұрлау: ақша қаражатын ұрлау, ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану, негізгі құралдарды, тауар-материалдық құндылықтарды ұрлау;

5) сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану: мүліктік пайда алу, құжаттарды қолдан жасаудан және (немесе) бұрмалаудан көрінетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтар, ақшалай сыйақылар, қымбат сыйлықтар не өзге де пайда алу үшін тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаны арнайы асыра көтеру немесе төмендету үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін пайдалану, Компания қызметі үшін маңызы бар ақпаратты қасақана жою, деректер қорын жою немесе олардағы мәліметтерді өзгерту, үшінші тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін немесе жеке мақсаттарда бағдарламаларды енгізу;

6) контрагенттер қосымша пайда алу мақсатында жасайтын іс-әрекеттер, соның салдарынан Компанияға және (немесе) мемлекетке залал келтірілуі мүмкін өзге де іс-әрекеттер;

7) контрагенттердің алдау немесе жаңылыстыру және Компания есебінен пайда алу мақсатында көрінеу жалған, өзгертілген не бұрмаланған ақпарат беруі;

8) Компанияның ақпараттық жүйелеріне рұқсатсыз кіруге немесе пайда табу және (немесе) қызметке нұқсан келтіру және (немесе) Компанияның беделіне теріс әсер ету мақсатында құпия ақпаратты иемденуге бағытталған іс-әрекеттер;

9) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

10) қызметтік жалғандық;

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

- 11) қызмет бойынша әрекетсіздік;
- 12) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату).

### 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

*7-тармаққа «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)*

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары мыналарды қамтиды:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекіту;
- 3-1) қаржылық бақылау;
- 4) Компанияның теңестірілген адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу;
- 5-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылған жұмыс туралы есептілікті ұсыну.

### 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

*8-тармақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг - Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нысаны Компанияның қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды, Компанияның Ішкі аудит қызметінің есептерін және жеке және заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өтініштерін зерделеу жолымен жүргізіледі.

*10-тармақ «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ Басқармасының 11.03.20 жылғы № 19 шешімінің; «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

10. КБҚ тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз бола алады.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 10-1-тармақпен толықтырылды*

10-1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің міндеті Компания қызметінің белгілі бір саласында сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін проблемалық мәселелерді зерделеу болып табылады.

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

***Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 10-2-тармақпен толықтырылды***

10-2. КБҚ келесі тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді:

- 1) Осы Саясаттың 9-тармағында көзделген ашық ақпарат көздерінен жинау және қорыту;
- 2) жиналған ақпаратты зерделеу және талдау;
- 3) Компания қызметінің белгілі бір саласында сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін проблемалық мәселелерді айқындау;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесін қалыптастыру.»;

***Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 10-3-тармақпен толықтырылды***

10-3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері осы Саясатқа [№ 4 қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша ресімделеді және жалпылау үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

## **5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау**

***11-тармаққа «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)***

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі - талдау) деп сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

12. Талдау жүргізу туралы шешім сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері негізінде қабылданады.

13. Талдау объектісі Компанияның құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі - бөлімше) қызметі болып табылады.

***14-тармақ «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ Басқармасының 11.03.20 жылғы № 19 шешімінің; «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)***

14. Талдау Компанияның Басқарма төрағасының бұйрығына (бұдан әрі - бұйрық) сәйкес Компанияның бөлімшесіне талдау жүргізу қажеттілігін негіздейтін КБҚ басшысының қызметтік жазбасы негізінде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда КБҚ Компанияның Басқарма төрағасының келісімі бойынша Компанияның басқа да мүдделі емес құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін тарта алады.

***15-тармаққа «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)***

15. Бұйрық келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) қызметі талдауға жататын бөлімшенің атауы;
- 2) осы Саясаттың [16-тармағына](#) сәйкес талдау жолдау;
- 3) талдау жүргізуге жауапты Компания қызметкерінің Т.А.Ә.;
- 4) талдау жүргізу кезеңі;
- 5) талдау мен жұмыс нәтижесін жүргізу үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін КБҚ басшысының Т.А.Ә.

16. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) бөлімшенің қызметін қозғайтын Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;



Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

17. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп мына мәселелер түсініледі:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) бөлімше қызметінің Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі.

18. Талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

1) бөлімшенің қызметін қозғайтын Компанияның ішкі нормативтік және басқа да құжаттары және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері;

2) бұрын мемлекеттік органдар немесе Компанияның Ішкі аудит қызметі бөлімшеге қатысты жүргізген тексерулердің нәтижелері;

3) комплаенс-тәуекелдерді бағалау нәтижелері;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;

5) бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

6) прокурорлық қадағалау актілері;

7) сот актілері;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілетін өзге де мәліметтер.

19. Осы Саясаттың [18-тармағында](#) көрсетілген ақпаратты уақтылы және толық ұсынғаны үшін жауапкершілік бөлімше басшысына жүктеледі.

*20-тармақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

20. Талдау нәтижелері бойынша мыналарды қамтитын талдамалық анықтама дайындалады:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат;

2) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;

3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымды іске асыру мерзімдері, ұсынымды және аяқтау нысанын орындағаны үшін Компанияның жауапты құрылымдық бөлімшелері туралы ақпарат.

*21-тармақ «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ Басқармасының 11.03.20 жылғы № 19 шешімінің; «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

21. Талдау анықтамасын талдау жүргізген адамдар, қызметінде талдау жүргізілген бөлімшенің басшысы келіседі және оған осы Саясаттың [15-тармағының](#) 5) тармақшасында көрсетілген тұлға қол қояды.

*22-тармаққа «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)*

22. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін тапсырмаларды қарау және беру үшін Компанияның Басқарма төрағасына енгізіледі.

*23-тармақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

23. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданатын) шаралар туралы ақпарат Компанияның интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

бөлімінде Компанияның Басқарма төрағасы тиісті бұрыштама қойған сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде орналастырылады.

## 6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - Компания қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі. Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары осы Саясатқа [№1 қосымшада](#) ұсынылған.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 6-1-бөліммен толықтырылды*

### 6-1. Қаржылық бақылау шаралары

24-1. Қаржылық бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында осы бөлімде айқындалған адамдар жеке тұлғалардың мынадай декларацияларын ұсынады:

- 1) активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны;
- 2) кірістер мен мүлік туралы декларацияны.

24-2. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылатын адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары (зайыптары) лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адамның (органның) актісі және (немесе) шешімі шығарылғанға дейін (декларация табыс етілген айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша) ұсынады.

24-3. Кірістер мен мүлік туралы декларацияны теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары) ұсынады.

24-4. Есепті күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған мүлікті сатып алған жағдайда, осы Саясаттың [24-3-тармағында](#) көрсетілген адамдар кірістер мен мүлік туралы декларацияда көрсетілген мүлікті сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы мәліметтерді көрсетеді.

24-5. Активтер мен міндеттемелер, кірістер мен мүлік туралы декларациялар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жасалады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

24-6. Осы Саясаттың [24-2 және 24-3-тармақтарында](#) көрсетілген жеке тұлғалардың активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны немесе кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынуы туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

24-7. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны және (немесе) кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсынбау немесе егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, мұндай декларацияларда толық емес, анық емес мәліметтерді ұсыну:

осы Саясаттың [24-2-тармағында](#) көрсетілген адамдар - адамға тиісті өкілеттіктер беруден бас тарту үшін негіз болып табылады;

осы Саясаттың [24-3-тармағында](#) көрсетілген адамдар - Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

24-8. Компанияның Адам ресурстарын басқару департаменті есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімде Компанияның интернет-ресурсында Компаниядағы басқару функцияларын орындайтын адамдар мен олардың жұбайларының (зайыптарының) декларацияларында көрсетілген мәліметтерді орналастырады.

Жариялануға жататын мәліметтер тізбесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

## 7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

*25-тармаққа «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз); «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

25. Теңестірілген адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында аталған адамдар өздеріне мыналар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайды:

1) Компанияда функционалдық міндеттерді орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру;

2) осы Саясаттың [30-тармағына](#) сәйкес жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) егер мұндай іс-әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін немесе лауазымдық жағдайға байланысты бұл адамдар мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе іс-әрекеттер (әрекетсіздік) үшін көрсетілетін қызметтерді қабылдауға жол берілмеуі.

Теңестірілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін Адам ресурстарын басқару департаменті лауазымға кіріскен күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тіркейді.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға (лауазымнан босатуға) әкеп соғады, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда олардың сақталмауы өкілеттіктерді тоқтату үшін негіз болып табылады.

26. Компанияның теңестірілген адамдарына:

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмесе, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өзінің қызметтік өкілеттіктерін заңсыз пайдалану жолымен ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін



Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акциялар) сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

3) педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа ақылы қызметпен айналысуға тыйым салынады.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 26-1-тармақпен толықтырылды*

26-1. Теңестірілген адамдардың отбасы мүшелері, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттігіне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алса, материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер көрсеткен адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін берілетін материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға құқылы емес.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 26-2-тармақпен толықтырылды*

26-2. Теңестірілген адамның және (немесе) оның отбасы мүшелерінің шотына олар білместен келіп түскен ақша, сондай-ақ олар Саясаттың 25-тармағының 4) тармақшасын және 26-1-тармағын бұза отырып алған қаражат олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде КБҚ-ға және тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың түсу жағдайлары туралы түсініктеме бере отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

Теңестірілген адамның және (немесе) олардың отбасы мүшелерінің білуінсіз келіп түскен, сондай-ақ олар Саясаттың 25-тармағының 4) тармақшасын және 26-1-тармағын бұза отырып алған сыйлықтар мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға сыйлық алған күннен не теңестірілген адамға сыйлық алғаны туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішіндебастап өтеусіз беруге жатады, ал көрсетілген адамдарға дәл осындай жағдайларда көрсетілген қызметтер қызмет көрсетілген күннен бастап не теңестірілген адамға қызмет көрсету туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару жолымен төленуі тиіс.

27. Компанияның теңестірілген адамдары өздеріне меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге және осындай тапсырудан табыс алуға құқылы.

28. Компанияның теңестірілген адамдары қызметке кіріскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы функцияларды орындау уақытына, осы адамдарға заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, оны пайдалану кіріс алуға әкеп соғатын өздеріне тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 28-1-тармақпен толықтырылды*

28-1. Мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарт нотариалдық куәландыруға жатады.

29. Акцияларды сатып алған жағдайда Компанияның теңестірілген адамдары оларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сатып алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.

*30-тармақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

30. Теңестірілген адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды,

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы(зайыбы) және (немесе) жекжаттары оның тікелей бағынысындағы лауазымдарды атқара алмайды.

Мемлекеттік функцияларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидаттар болып табылатын адамдар осы ұйымда жұмыс істейтін жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары туралы Компанияның Басқарма төрағасын және КБҚ-ны жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

Осы тармақтың талаптарын бұзатын адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған сәттен бастап үш ай ішінде оны өз еркімен жоймаса, осындай бағыныстылықты болдырмайтын лауазымдарға ауыстырылуға жатады, ал мұндай ауыстыру мүмкін болмаған кезде осы қызметшілердің бірі лауазымнан босатылуға немесе көрсетілген функциялардан өзге де босатылуға жатады.

Жақын туыстар деп ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 шешіміне сәйкес 30-1-тармақпен толықтырылды; «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

30-1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелері қолданылатын Компанияның теңестірілген адамдарының тізбесін КБҚ қалыптастырады және Компанияның Басқарма төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

## 8. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу

*31-тармақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

31. Егер мүдделер қақтығысы болса, теңестірілген адамдарға лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Теңестірілген адамдар мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу бойынша шаралар қабылдауы тиіс.

Теңестірілген адамдар пайда болған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы тікелей басшыны не Компания Басқармасының төрағасын бұл туралы өздеріне белгілі болған бойда жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 шешіміне сәйкес 31-1-тармақпен толықтырылды; «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

31-1. Тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін теңестірілген адам Бухгалтерлік есеп және есеп беру департаментіне, Қаржылық жоспарлау және қазынашылық департаментіне жетекшілік етпеуі керек.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 31-2-тармақпен толықтырылды*

31-2. Компанияның тікелей басшысы не Басқарма төрағасы осы Саясаттың 31-тармағында көрсетілген адамдардың өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде мынадай шараларды уақтылы қабылдауға міндетті:

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

1) осы Саясаттың 31-тармағында көрсетілген адамдарды лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттету және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерін орындауды басқа адамға тапсыру;

2) лауазымдық міндеттерін өзгерту;

3) мүдделер қақтығысын жою жөнінде өзге де шаралар қабылдау.

## 9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

32. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру сипатындағы шаралар кешені және ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы Компанияның әрбір басшысы мен қызметкерінің борышы болып табылады.

Ескертпе.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру деп Компания қызметкерлерін оқытудың үздіксіз процесі түсініледі.

2. Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет деп бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ұйымдастыру түсініледі.

## 10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға есептілікті ұсыну

33. Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

34. Есепте мыналар қамтылуы тиіс:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жай-күйі және жүргізілетін жұмысы туралы мәліметтер;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша Компания жоспарларының орындалуы немесе орындалмауы (орындалмау себептерін көрсете отырып) туралы мәліметтер.

*35-тармақ «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ Басқармасының 11.03.20 жылғы № 19 шешімінің жаңа редакциясында жазылды*

35. Есепті КБҚ қалыптастырады және оған Компанияның Басқарма төрағасы немесе оның орнындағы адам қол қояды, ол мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын және оның уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

*36-тармақ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешімінің жаңа редакциясында жазылды (ескі ред. қараңыз)*

36. Компания ақпаратты есепті жылдан кейінгі айдың 25-күніне дейін ұсынады.

## 11. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

*37-тармаққа Басқарманың 11.03.20 жылғы № 19 шешіміне; «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)*

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

37. Компаниядағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу Компанияның ішкі нормативтік құжаттары негізінде мынадай негізгі шараларды тұрақты негізде қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) іскерлік беделді белгілеу және мүдделер қақтығысын анықтау үшін контрагенттерді тексеруді жүзеге асыру;

2) Компанияның үлестес тұлғаларын есепке алу;

3) Компаниядағы сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын нормаларды болдырмау мақсатында Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын сараптау;

4) Компанияда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) Компанияның теңестірілген адамдары, қызметкерлері мен контрагенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар өздерінің күдіктері туралы КБҚ-ға хабарлай алатын немесе КБҚ-ға басқа тұлғалардан алынған Компанияның кез келген теңестірілген адамы, қызметкері, теңестірілген адам, Компания контрагентінің қызметкері, өкілі жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді ұсынатын кері байланыс тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) сыбайлас жемқорлықтың ықтимал жағдайлары кезінде КБҚ қызметтік тексерулер жүргізуі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру, консультация беру және оқыту;

8) Ішкі аудит қызметін сыбайлас жемқорлық және алаяқтық фактілері туралы хабардар ету және қажет болған жағдайда Компанияның Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттерінің тапсырмасы бойынша ғана қызметтік тергеп-тексеруді жүргізу үшін тарту.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 шешіміне сәйкес 37-1-тармақпен толықтырылды*

37-1. КБҚ сыбайлас жемқорлықты анықтау және мүдделер қақтығысын реттеу үшін автоматтандырылған жүйелерді енгізуге құқылы.

## 12. Қорытынды ережелер

38. Компанияның теңестірілген адамдары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта болады.

39. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық, әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылық шаралары қолданылған Компанияның теңестірілген адамдары мен қызметкерлері Компанияға материалдық залалды өтеу жөніндегі жауаптылықтан босатылмайды.

40. Саясат талаптарының орындалуына Компанияның қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жауапты болады.

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 40-1-тармақпен толықтырылды*

40-1. Компанияның Басқарма төрағасы бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

41. Компанияның теңестірілген адамдары мен қызметкерлері Саясат қабылданған күннен бастап, ал жаңадан қабылданған адамдар Компанияда лауазымдық және (немесе)

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

еңбек міндеттерін атқару басталған сәттен бастап Саясатқа [№2 қосымшада](#) көзделген нысан бойынша олардың Саясатты зерделегенін, түсінгенін және адал ұстануға міндеттенетінін растауға міндетті.

42. Осы Саясатта көзделмеген өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Осы Саясатта Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшылықтар болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылуға жатады.

«Қазақстан тұрғын үй компаниясы»  
акционерлік қоғамының  
сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа  
қарсы іс-қимыл [саясатына](#)  
№1 қосымша

### **«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

1. «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Компания) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [10-бабының 2-тармағына](#) және Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының [24-тармағына](#) сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Компания қызметкерлері (бұдан әрі - қызметкерлер) үшін қызметтік функцияларды жүзеге асыру кезінде мінез-құлықтың құндылық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлары жүйесін құру жолымен Компаниядағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

3. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: қаржы.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Компания қызметкерлеріне мынадай мінез құлық нормаларын айқындайды:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;

2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;

3) Компанияның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) тікелей немесе тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

5) қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

6) әріптестер мен басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тарту;

7) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және мұндай әрекеттерді көтермелемеу;

8) қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;



Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

9) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

10) егер ол жақын туыстық және отбасылық қатынастардағы адамдарға (ата-аналары, жұбайлары (зайыптары), аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), балалары, жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары) тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, лауазымға тағайындалудан бас тарту;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

12) сыбайлас жемқорлықтың белгілі фактілері туралы, оның ішінде материалдарды жеделдетіп қарағаны не әуре-сарсаң фактілері үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы тікелей басшысына дереу баяндау;

13) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей немесе тура басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлау;

14) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

15) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

16) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

17) табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту;

18) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қорғаудан, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан бас тарту;

19) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ өзге де мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау.

5. Қарамағындағылармен қарым-қатынастағы барлық деңгейдегі басшылардан:

1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл анықтау;

3) бағыныстағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

4) қарамағындағылар қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

5) қарамағындағыларға олардың қызметтік міндеттерінен тыс немесе мүмкін емес, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

6) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;

7) бағынысты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрlemeу;

8) қарамағындағылар мен басқа да қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;

9) қарамағындағы қызметкердің өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша толық шараларды уақтылы қабылдау;

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

- 10) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша кешенді шаралар қабылдау;
  - 11) қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;
  - 12) қарамағындағыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу;
  - 13) өзінің мінсіз мінез-құлқымен бағынышты қызметкерлерге үлгі көрсету талап етіледі.
6. Барлық деңгейдегі басшылар осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді және оларға бағынысты қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады.

*2-қосымшаға «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)*

«Қазақстан тұрғын үй компаниясы»  
акционерлік қоғамының  
сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа  
қарсы іс-қимыл [саясатына](#)  
№2 қосымша

## Растау

Осы нысанды «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатын (бұдан әрі - Саясат) мұқият зерделегеніңізді, түсінгеніңізді және адал ұстануға міндеттенгеніңізді растау үшін пайдаланыңыз.

«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Компания) теңестірілген адамдары мен қызметкерлері Комплаенс-бақылау қызметіне осы толтырылған және қол қойылған нысанды Саясат қабылданған күннен бастап, ал Компанияда еңбек және (немесе) лауазымдық міндеттерін атқару басталған сәттен бастап жаңадан қабылданған нысанды жіберуге міндетті.

<i>Осы нысанды толтырыңыз, қол қойыңыз және оны Комплаенс-бақылау қызметіне баспа түрінде жіберіңіз.</i>	Компанияда еңбек және (немесе) лауазымдық міндеттерді орындау басталған сәттен бастап Сіз Саясатты мұқият зерделеуге, түсінуге және адал ұстануға міндеттісіз.	
	<b>Сіздің растауыңыз</b>	
	<i>(Түісті ұяшықтарды белгілеңіз)</i>	
	<input type="checkbox"/>	Мен Саясатты зерделеп, түсінгенімді растаймын
<input type="checkbox"/>	Мен Саясатты адал орындауға міндеттенемін	
<i>Осы жерге қол қойыңыз</i>		
ТАӘ		
Қолы	Күні	

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

**Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 19.08.21 жылғы № 72 шешіміне сәйкес 3-қосымшамен толықтырылды**

«Қазақстан тұрғын үй компаниясы»  
акционерлік қоғамының  
сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа  
қарсы іс-қимыл саясатына  
№3 қосымша

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылаулардың тиімділігін өзіндік(бағалау)**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылаулардың тиімділігін бағалауды Компанияның бас комплаенс-бақылаушысы есепті жыл жұмысының қорытындысы бойынша жүзеге асырады.

Бағалау нәтижелері бойынша кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Өзіндік (бағалау) нәтижелері бойынша есеп және кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспары комплаенс-тәуекелдер жөніндегі жылдық есеп шеңберінде Компанияның Директорлар кеңесінің бекітуіне жіберіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылаулар тиімділігінің қорытынды балын айқындау үшін бас комплаенс-бақылаушы мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:

өлшемшарттарды келесідей жіктейді:

«орындалады», барлық өлшемшарттар орындалған жағдайда;

«дұрысы, орындалады», егер аталған өлшемшарттардың көпшілігі орындалса;

«ішінара орындалады», егер аталған өлшемшарттардың жартысы орындалса;

«дұрысы, орындалмайды», егер жоғарыда аталған өлшемшарттардың аз бөлігі орындалса;

«орындалмайды», егер жоғарыда аталған өлшемшарттардың ешқайсысы орындалмаса;

1) өлшемшарттар бойынша әрбір жауап үшін мынадай балл береді:

«орындалады» - 1 балл;

«дұрысы, орындалады» - 0,75 балл;

«ішінара орындалады» - 0,5 балл;

«дұрысы, орындалмайды» - 0,25 балл;

«орындалмайды» - 0 балл.

2) әрбір өлшемшарт бойынша алынған балдарды жинақтайды және осы соманы өлшемшарттар бойынша мүмкін болатын ең жоғары балл санына бөледі, осылайша өлшемшарт бойынша тиімділік балын пайыздық мәнде айқындайды.

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылау тиімділігінің қорытынды балының алынған мәніне қарай жетілу деңгейін айқындайды (№1 кесте)

**№ 1 кесте**

<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл</b>	<b>Бастапқы</b>	<b>Сәйкес келетін</b>	<b>Жетілген</b>	<b>Тиімді</b>
--	-----------------	-----------------------	-----------------	---------------

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

шаралары жүйесі бойынша бақылаулардың тиімділік/жетілу деңгейлері				
Сипаттамасы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылаудың негізгі элементтері тиімсіз емес.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылаудың негізгі элементтері ішінара «үздік тәжірибеге» / заңнама нормаларына сәйкес келеді, алайда жеткілікті тиімді емес.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылаудың негізгі элементтері «үздік тәжірибеге»/ заңнама нормаларына сәйкес келеді және жеткілікті тиімді.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылаудың негізгі элементтері «үздік тәжірибеге»/ заңнама нормаларына сәйкес келеді және жоғары тиімді.
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесі бойынша бақылаулардың тиімділігін бағалаудың жалпы балы</b>	<b>/ = 50%</b>	<b>/ = 75%</b>	<b>90%</b>	<b>&gt; = 90%</b>

№	Өлшемшарттар	КБҚ бағалауы	КБҚ ескертпелері
1	Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты заңнаманың барлық талаптары, сондай-ақ Компанияның осы саладағы талаптары іс жүзінде іске асырылады		
2	Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты		

Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

	процестерге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау рәсімдеріне қатысады		
3	Компанияның қызметкерлері мен теңестірілген адамдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі саясат пен рәсімдерді ұстануға міндеттемеге қол қояды		
4	КБҚ тәуекелдерді стандартты бағалауды тұрақты негізде жүргізеді		
5	КБҚ «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алаяқтық саясатына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді		
6	КБҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін құжаттайды		
7	Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін Компанияның корпоративтік интернет-сайтында орналастырады		
8	Ақпараттандыру және оқыту КБҚ жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады		
9	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның мақсаттары мен маңыздылығын атап өту үшін ерекше жағдайлар немесе ірі іс-шаралар (мысалы, ұйымдастырушылық өзгерістер, жаңа ішкі нұсқаулар, фактілер) пайдаланылады		
10	Компания бұзушылықтар туралы ақпарат беру үшін қорғалған және қолжетімді сенім телефонын ұсынады		
11	Компанияның сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы саясатында қызметкерлер мен теңестірілген адамдар бұзушылықтар туралы хабарлайды деп күтілуде		
12	Ақпаратты хабарлайтын адамдарға, сондай-ақ оларға қарсы айып тағылып отырған немесе осыған байланысты алаңдаушылық туғызатын мәселелер туындайтын адамдарға қатысты құпиялылық режимі сақталады және мұндай адамдар заң көмегіне қол жеткізе алады.		
13	Жоғары басшылық анықталған бұзушылықтар немесе заңсыз әрекеттер туралы мерзімді есептер алады		
14	Компания басшылық нұсқауларға жүгінуге, бұзушылықтарды анықтауға және олар туралы ақпарат беруге қатысты өз саясаты мен рәсімдерін іске асыру туралы жария түрде хабарлайды		



Құжат: «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 29 шешімімен бекітілген) (30.12.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: жарамды. Күні: 02.05.2018 ж.

15	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін адамдарға қатысты анық, нақты және қолжетімді тәртіптік жауапкершілік қабылданды		
16	Клиенттердің, өнім берушілердің, мемлекеттік органдардың және басқа да сыртқы тараптардың өтініштерін қадағалау рәсімі жүргізіледі. Компания анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді уақтылы қарауды, тергеуді және шешуді жүргізеді		
17	Компания қаржылық және қаржылық емес есептілікті көпшілікке қолжетімді көздерде уақтылы ашып, жариялауды жүзеге асырады.		
<b>Өлшемшарттардың жиыны:</b>			
<b>Жалпы балл:</b>			

*Саясат «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқармасының 30.12.22 жылғы № 136 шешіміне сәйкес 4-қосымшамен толықтырылды*

«Қазақстан тұрғын үй компаниясы»  
акционерлік қоғамының  
сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа  
қарсы іс-қимыл [саясатына](#)  
№44 қосымша

НЫСАН

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг нәтижелері**

#### **I. Кіріспе бөлім**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген қызмет саласының(ларының) атауы/қызметі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізілген квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы:

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізілді: жеке/заңды тұлға, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірі

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүргізу кезеңі: басталды аяқталды

#### **II. Ақпараттық-талдау бөлімі**

Компания қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың жай-күйі мен себептерін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштер.

#### **III. Қорытынды бөлім**

Қорытындылар. Өңделген ақпаратты бағалау.